

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСКЕ ҚАЗАҚ ЭЛИТАСЫНЫҢ ҚАТЫСЫ

Егінбаева Ә.С.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің 1 курс магистранты
7М01601 тарих білім беру бағдарламасының мамандығы

XX ғасырдың басы көптеген саяси оқиғаға толы кезең: I дүниежүзілік соғыс, патшаға алғашқы қарсылық I орыс революциясы, Қазан және Ақпан төңкерілістері болды. Сондай-ақ аласапыран заман, билікке ұмтылыс, мемлекет басына қандай құрылым келеді деп саяси қайраткерлер мен түрлі жаңадан құрылған партия, құрылымдар таласы кезі. Осы шақта қазақ еліндеде мықты саяси ұлт қайраткерлері, интеллегенция өкілдері қалыптасты. Қазақ элитасы, бетке ұстар қаймақтарының дербестікке ұмтылуы, алғашқы автономия құру әрекеттерімен жүрген қарбалас шағы еді. Бұл мақаламда сол шақтың тағы бір үлкен мәселесі Қазақстанда 1916 жылы болған ұлт -азаттық көтеріліске ұлт интеллегиясы, элитасының көзқарасы туралы зерделеп көрдім.

1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық көтеріліс патшалы Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс болды. 1914 жылы басталған I дүниежүзілік соғыс Ресей империясында пісіп, жетіліп келе жатқан жалпы дағдарысты шырқау шегіне жеткізді. Осы кезеңдегі I дүниежүзілік соғыс туралы Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетіндегі «Тағы соғыс» мақаласында былай деп баяндайды: «Бұл соғыстан жалпы жұртқа пайда жоқ. Нарлар алысар, қанын төгетін-сорлы қазақ болар»

Көтерілістің басты себептері әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерге тікелей байланысты болды. Ол отаршылдық езгінің күшеюінен, Қазақстан мен Орта Азияның жергілікті халықтарының жерін тартып алудың қарқынмен жалғасуынан, салықтар мен басқа да алымдар көлемінің шамадан тыс ұлғаюынан, патша өкіметі жүргізген орыстандыру саясатының кең өріс алуы мен қалың бұқараның әлеуметтік жағдайының күрт төмендеуінен көрініс тапты. 1913 жылы тағы бір Алашордашы ұлт қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», -деп жазды. Көтерілістің басталуына Николай II патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы “Реквизициялау туралы” жарлығы тікелей себеп болды. Жарлық бойынша Қазақстан, Орта Азия мен ішінара Сібірдің “бұратана халықтарының” ер-азаматтарынан (19 бен 43 жастың аралығында) майданның тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынас жолдарын салу, окоптар қазу, т.б.) 500 мың адам (оның ішінде қазақтардан 240 мыңға жуық) алу белгіленді.[1] Бұл жағдай туралы қазақ арасында түсініспеушілік туындағанын саяси қайраткер Міржақып Дулатұлы: «Жұрт сендей соғылды, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды», - деп жазды.

Қазақстандағы көтерілістің алғашқы ошақтары 1916 жылғы шілде айының бас кезінде пайда болды. Халықтың ашу-ызасына жұмысқа алынатындардың тізімдерін жасаған болыс басқарушылары, ауыл старшындары және жергілікті әкімшіліктердің басқа да қызметкерлері ұшырады, өйткені жасалған тізімдер әуел бастан жаппай парақорлық, көзбояушылық пен қиянатқа негізделді. Әкімшілік жүйе ол кезде қазақтарда тууы туралы куәліктердің болмағандығын пайдаланып, тізімге жас шамасына қарамастан кедейлерді қалауынша енгізіп, ал ауқатты әулеттерден пара алып, олардың өкілдерін шақырудан босатты. Оның үстіне патшалық өкімет орындары өлке тұрғындарының кейбір әлеуметтік топтарының өкілдерін (болыс басқарушылары, жергілікті халықтан шыққан төменгі шенді полицейлер, имамдар мен молдалар, ақсүйектер мен құрметті азамат құқықтары барлар, т.б.) майданның қара жұмысынан босатты. Көтерілісшілер болыстық кеңселерді, болыстар мен ауыл старшындарының үйлерін, жасалған тізімдерді өртеді, жекелеген болыс бастықтарын өлтірді. Стихиялы қозғалыс біртіндеп ұйымдасқан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласа бастады. Көтерілістің негізгі қозғаушы күштері – отарлық езгіден күрт кедейленген шаруалардың қалың тобы мен сол кезде қалыптаса бастаған жергілікті жұмысшылар болды. Көтеріліске, сондай-ақ қазақ халқының басқа әлеум. топтарының (байлар, болыстар мен билер,

интеллигенция) өкілдері де қатынасты. Соңғылары кейбір аймақтарда жетекші рөл атқарды. Көтеріліске қазақтармен қатар ұйғырлар, өзбектер, қырғыздар, дүнгендер, т.б. ұлт өкілдері қатысқан.

«Маусым жарлығынан» кейін абыр-сабырға түскен халыққа жол көрсетуге тиіс қазақ саяси элитасы екіге жарылды. Сол кездегі қазақ қоғамындағы саяси қайраткерлердің арасында көтеріліске бірыңғай көзқарас болмады, көшбастайтын қазақ интеллигенциясы арасында екі түрлі көзқарас пайда болды: Радикалдар және либерал-демократтар

Радикалдар: Қазақ зиялыларының кейбір өкілдері (Т.Бокин, Ж.Ниязбеков, Ә.Жүнісов, Т.Рысқұлов, С.Меңдешев, Б.Алманов, Ә.Жангелдин, т.б.) патша жарлығына батыл қарсы шықты және халықты қарулы қақтығыс, қарсылыққа шақырды. Ауылдың феодалдық-байшыл билеуші тобы мен жергілікті әкімшіліктің белгілі бөлегі патша жарлығын толығымен қолдап, оны белсенді түрде жүзеге асырушылар болды, қазақ интеллигенциясының радикалды батыл іс-қимылға бейім өкілдері халықты қарулы көтеріліске шақырып, оған өздері де қатысты. Бұл топ қазақ халқының ашық қарсылық көрсетуін тарихи қажеттілік әрі әділетті іс деп санады. Олардың көзқарасы бойынша, патша жарлығы - қазақ халқының әлеуметтік, ұлттық құқығын аяққа таптау болатын. Олар халықпен бірге болуды, тіпті қолына қару алып күресуді де әділет жолы санады. Кейбір жергілікті би-болыстар мен шариғат жолын ұстанған діни қайраткерлер де қарсылықты қолдады. Тоқаш Бокин, Тұрар Рысқұлов, Әліби Жангелдин сияқты радикалды бағыттағы зиялылар патша жарлығына қарсы шығып, халықты қарулы көтеріліске шақырды. Олар патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы тұру қажет деп санады. Мысалы, Тұрар Рысқұлов Түркістан генерал-губернаторына жазған хатында: «Құнарлы жерді тартып алған соң, мал шаруашылығы құлдырады, жер өңдеу қысқартылды. 1907 - 1914 жыл арасындағы жеті жылда облыс қатты өзгеріске түсті» [1]. Бұл пікірлер олардың көтерілісті әлеуметтік және ұлттық езгінің нәтижесі ретінде бағалағанын көрсетеді. 1916 жылғы көтеріліске қатысты радикалдар, әсіресе қазақтың революциялық қайраткерлері мен большевиктер, патша үкіметінің 25 маусымдағы жарлығына қарсы шыққан. Олардың көзқарастары тек әлеуметтік теңсіздікке және отарлық езгіге ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының тәуелсіздігі мен құқықтарын қорғауға бағытталған болатын. Тұрар Рысқұлов сияқты зиялылар көтеріліс кезінде патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы қарулы қарсылық көрсету қажет деп санады. Рысқұлов бұл көтерілісті ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің бір бөлігі ретінде қарастырды. Ол патша үкіметінің қазақ жеріне жүргізген отарлық саясатын қатаң сынады, оның айтуынша, қазақ халқының жері мен байлығы тартып алынған, ал халықтың жағдайы қиын болып тұрды. Ол 1916 жылы көтерілісті халықтың әлеуметтік жағдайы мен саяси құқықтарының бұзылуына қарсы қарсылық ретінде көрді. Тұрар Рысқұлов Түркістандағы қазақ ауылдарындағы жағдайды сипаттай отырып, патша үкіметінің ауыл шаруашылығына тигізген зияны мен жердің тартып алынуын ашып көрсетті. Ол сол кезде Түркістан генерал-губернаторына жазған хатында: «Қазақ халқы үшін бұл көтеріліс тек қана патшаның жарлығына қарсы тұру емес, отарлық жүйеге қарсы қарулы күрес болып табылады. Қазақ халқының өз жері мен болашағы үшін күресуінің уақыты келді», – деп жазды. Әліби Жангелдин мен Тоқаш Бокин сияқты радикалдар да 1916 жылғы көтерілісті қолдап, қазақ халқын қарулы көтеріліске шақырды. Олар қазақтың әлеуметтік және саяси құқығын қорғау үшін қарсылық көрсету керек деп санады. Әліби Жангелдин көтеріліске қатысты: «Егер де патша үкіметі қазақ халқына әділетсіздік көрсетіп, оларға зорлық-зомбылық жасауды тоқтатпайтын болса, онда халық өз құқығын қорғау үшін қару қолына алуға мәжбүр болады», – деп жазды. Бұл зиялылар патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы күресуге шақырып, халықтың ұлттық тәуелсіздігін талап етті.

Радикалды көзқарастардың негізгі элементтері:

1. Патша үкіметінің отарлық саясатына қарсылық: Радикалдар, әсіресе Тұрар Рысқұлов, Әліби Жангелдин, Тоқаш Бокиндер, қазақ халқының тәуелсіздігін және ұлттық құқығын қорғауды басты мақсат етіп қойды. Олар отарлық басқару мен оның ауыр салдарларына қарсы тұрудың қажеттілігін алға тартты.

2. Әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрес: Қозғалыс өкілдері көтерілісті әлеуметтік әділетсіздікке қарсы қарсылық ретінде де қарастырды. Олар қазақ ауылдарының ауыр жағдайы мен жер мәселелерін басты тақырып етті.

3. Қарулы көтеріліс: Радикалды зиялылар патша үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс арқылы күресудің қажет екенін түсіндірді. Олар халықты бейбіт түрде қарсы шығуға емес, күреске шақырды.

2. **Либерал-демократтар:** Ал “Қазақ” газетінің төңірегіне топтасқан либерал-демократияшыл зиялылардың жетекшілері (А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, т.б.) патша әкімшілігінен тыл жұмысына адам алуда асықпауды өтініп, керісінше дайындық шараларын жүргізу жөнінде ұсыныстар жасады, көтеріліске шыққан халық патша өкіметі тарапынан аяусыз жазалауға ұшырайтынын ескертіп, көпшілікті жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуге шақырды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы бастаған қазақтың либерал- демократиялық зиялы қауым қазақтарды Ресей мемлекетінің бодандары емес, Отанының перзенті деп санады. Ол туралы ұлт қайраткері А.Байтұрсынұлы: « Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарак асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануын кемшілік санаймыз», - деп жазды. 1916 жылғы қазандағы үндеухатында отаршыл Ресеймен парасатты ымыраластық тәсілін ұстануды көздеді. Халықты тыныштыққа шақырып «Тыңданыңдар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңыздар», - деп жазды олар. Осылайша қазақ зиялыларының « Бірі- барса, алынған жігіттер қазаға, бейнетке аз ұшырайды, екіншісі- бармай қарсылық қылса, елге зор бүлікшілік келеді...», - деген сөздерінен халықтың қамын жеп, тектен тек қан төкпегенін қалағанын байқауға болады.[2]

Автономия құрсақ, тәуелсіздігімізді алсақ деп аңсаған қазақ элитасының бір тобы Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы сияқты либерал-демократиялық зиялылар өкілдерінің жетекшілері халықты жарлықты орындауға қарсы шықпауға үгіттеп, оны орындамаған жағдайда қазақтар қантөгіске ұшырауы мүмкін деп санады және осыған байланысты үлкен алаңдаушылық білдірді. Сондықтан да Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы 1916 жылғы 11-тамызда жарық көрген «Алаштың азаматы» аты үндеу жариялады. Үндеуде: «Біздің жұртқа айтарымыз- бұған көнбеске болмайды. Мұны бұрын да сан рет айтқанбыз. «Көнбейміз» деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде – шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. Көнбегенде көретін ауырлық –бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда бас тартсақ, жау жағадан алғанда бас қорғап үйде қаламыз деп мелекетке қол ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер?-дейді. Алаш қайраткерлерінің маусым жарлығына байланысты ұстанымдары оларға «патша үкіметін қолдады, халыққа қарсы шықты» деп айып тағуға тағы да бір ілік болды. Ал шындығында осынау алмағайып кезеңде «Алаш» қайраткерлері халықты жаңа аласапыраннан қорғаштап, қайткен күнде оны аман сақтауға тырысты. Сондықтан да олар қарулы көтеріліске қарсы болып, қазақтарды патша жарлығын орындауға шақырды. Біріншіден, олар Ресейге төнген сыртқы қатердің бодан болып отырған қазақтарға да толық қатысы бар деп санады. Бұдан сырт қалуға болмайды, - деп есептеді. Екіншіден, іс жүзінде қарусыз қазақтардың тұрақты орыс армиясына қарсы бас көтеруін болдырмауға талпынды. Қарусыз халық өкіметтің жазалау шараларының құрбаны болады деп қауіптенді. Үшіншіден, соғыс Ресей үшін жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың хал-күйі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына үміт артты. Империямен ақылға қонымды келісім тактикасын ұстанып, халқының аман болуын бірінші кезекке қойған «Алаш» көсемдері тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыра тұрып, тиісті эзірлік жұмыстарын жүргізуді ұсынды. Көтеріліс барысында орын алған қанды қырғын, жүздеген мың адамдардың қаза табуы бұлардың қауіптерінің негізсіз еместігін дәлелдеді.[3] Бұл топты ынсапты-реформашыл топ немесе көтеріліске қарсы немесе бейтарап ұстанымдағылар деп атауымызға болады. Алаш зиялыларының басым бөлігі көтерілісті қолдамады. Олар бұл қозғалыстың жеңіске жету мүмкіндігі жоқ екенін, керісінше, қазақ халқына орасан зор

шығын әкелетінін түсінді. Сол себепті көтеріліске шығудан гөрі, халықты сабырға шақырып, патшаның жарлығын ішінара орындауды ұсынды. Бұл - стратегиялық, уақыт ұтатын тактика болатын.

Негізгі өкілдері: Әлихан Бөкейхан – халықты көтеріліске шықпауға шақырып, үндеу жариялады. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов – «Қазақ» газетінің бетінде жұртты сабырлы болуға үндеді. Бұл топтың пайымы: "Қарулы көтеріліс - жеңілмейтін патшалық әскери жүйеге қарсы тұра алмайды, сондықтан зиян ғана шегеміз. Ал егер оқыған жастар тізімді өздері жасап, тыл жұмысына барар болса, қазақ жігіттерінің аман қалуына себепкер бола аламыз."

Жарлықтан соң бір ай өтер-өтпестен көтеріліс оты тұтанды. «Қазақ» газеті болжағандай «Сырттан әскер кіріп, ел үркіншілікке ұшырады». 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі елге тұтас жайылып, Батыс Қазақстандағы, Сырдария көтерілісі, Қарқара көтерілісі, Семей көтерілісі, Ақмола көтерілісі, Жетісу көтерілісі, Торғай көтерілісі деген атаулармен тарихта қалды. Көтерілісті басып-жаныштау үшін бір ғана Жетісу өңіріне 16 зеңбірегі мен 47 пулеметі бар 95 рота, 24 жүздік келіп, ондаған қазақ-қырғыз ауылдарын жойып жіберді. Осы кездері 300 мыңнан астам қазақ Қытайға ауып кетті. 1917 жылғы 1-ақпандағы дерек бойынша Түркістан өлкесінен 347 адам өлім жазасына кесілді, 168 адам Сібірге айдалды, 129 адам түрмеге қамалды. Осы орайда Қазақстандағы көтеріліс 1916 жылғы шілде айынан басталып, басты ошақтары Жетісу мен Торғай өңірлері болды [4] 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс барысында көтерілісшілердің алғашқы әрекеттері: аймақ-ауыл басшыларының, иман-ишандардың балаларын алып қалып, орнына қараның баласын қосып жіберген тізімдерді қолға түсіріп өртеу, байланыс пунктеріне шабуыл жасаумен қатар жер-жерде қайтадан ата-баба дәстүрі, дала заңымен «хан» көтеріп сайлау болды. Көтерілісшілер кезіндегі ғұн дәуірі кезіндегі тайпаларымыз, бертін Шыңғысханның жасақтары сияқты ондық, жүздік, мыңдықтарға жіктелу қолға алынды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының сан ғасырлық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайларында көтерілістің жалпы жұрт таныған басшылары Ә.Жанбосынов, А.Иманов, Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, Б.Әшекеев, О.Шолақов, А.Жүнісов, С.Қанаев көтерілісшілердің саяси көсемдері Т.Бокин, Т.Рысқұлов, С.Мендешев, Ә.Жангелдин, Б.Алманов және басқалар кезінде Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Жанқожа Нұрмұхамедов, Кенесары Қасымов және басқалар жүргізген тәуелсіздік жолындағы күреске халықты көтерді. К.Қасымов басшылық еткен ұлт-азаттық қозғалыстан кейін 1916 жылғы көтеріліс бірінші рет кең-байтақ өлкенің барлық аймақтарын әр түрлі дәрежеде қамтып, бүкілқазақтық сипат алған көтеріліс болды. 1916 жылғы көтерілістің айрықша ерекшелігі өлкенің бірқатар аудандарында (негізінен, Қазақстанның оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында) оған қазақтармен қатар қырғыз, ұйғыр, өзбек және басқа да халықтар өкілдерінің де қатысуы болды.[5] 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жеңілу себептері: бытыраңқылық, қару-жарақтың жетіспеуі деген біздерге мәлімнен басқа, руаралық қайшылықтар, жергілікті халық пен қоныстанушылар арасындағы қарама-қайшылықтар, ұлттық демократиялық зиялы қауымның да бастапқы кезде қатты араласпауы, өңір тұрғындарының бірлікте болмауы, қазақ феодалдары арасында сатқындар мен опасыздардың шығуы сияқты тағы да басты және жанама себептері бар. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен оның басты орталықтары Жетісу мен Торғай көтерілістері аяусыз басып жаншылды, бірақ оның тарихи маңызы зор, келешек ұрпаққа берер өнегесі де болды.

Жеке-жеке бұрқ еткен толқулар көп ұзамай қарудың күшімен жанышталып, жұмысшыларды реквизициялаумен майданға жөнелту басталды. Сол кезде "Қазақ" газетінің редакциясы тыл жұмыстарына жөнелтілген қазақтардың мұқтаждықтарына қызмет көрсетуді ұйғарды және осы мақсатпен барлық қазақ зиялыларына реквизицияланғандар жұмыс істейтін майдандарға өз еркімен барып, оларда бұратаналар бөлімін құруға шақырды. Ұлттық элита, көшбасшылары (көпшілік бөлігі мұғалімдер) бұған үн қосты және көп кешікпей Минскіде Земство одағының жанынан Бұратаналар бөлімі құрылды. Қазақ зиялылары майдан тылында еңбек еткен қазақ жігіттерінің сөзін сөйлеп, мұңын жоқтады. Ә.Бөкейханов, М.Дулатов т.б. бастаған қазақсаяси қайраткерлері Минскіде, тағы басқа тыл

жұмысына шақырылғандар көптеп шоғырланған қалалар мен елді мекендерде болып, оларға қолдан келген көмектерінің бәрін көрсетті. Олар шақырылғандардың құқықтарын қорғау және олардың майдан өңірі аудандарындағы тұруы мен жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар туғызу жөнінде нақты қадамдар жасады. Ал мұның өзі Кеңес заманында көп жылдар бойы айтылып та, жазылып та келген Алашорда 1916 жылғы көтеріліс кезінде ұлттық мүддеге сатқындық жасады деген пікірдің сыңаржақ тұжырым екендігін көрсетеді. Алаш көсемдері сол кездегі ұлттың бетке ұстар қаймақтары, қазақтың интеллигенциясы мен элитасы көтерілісшілерге де, майданның қара жұмысына шақырылғандарға да ешқандай сатқындық жасаған жоқ. Барынша жағдайдың дұрысталуын, “өгіз де өлмейтін, арбада сындайтын” жағдайға келтіру үшін күресті.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс аяусыз басып-жаншылды, бірақ оның тарихы маңызы зор болды. Ол туралы ұлт көсемі Ә.Бөкейханов : « Қазақ –қырғыз осы көтерілісте көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де, келешекке қандай ел екенін білдірді», - деп жазды. Көтеріліс туралы жазылған Ж.Аймауытовтың “Қартқожа”, М.Әуезовтың “Қилы заман”, С.Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу” С.Мұқановтың “Жұмбақ жалау” сынды тамаша шығармаларын оқи отырып, көтерілісшілер патша билігіне қарсы қарулы күрес мектебінен өткенін, олардың таптық сана-сезімнің өскенін, Қазақстандық ұлт өкілдерінің мүдделері ортақ екендігі айқын ұғынғанын байқауға болады.

Жалпы алғанда 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты ұлт зиялыларының ойлары екіге бөлінгенмен түп-төркіні, негізгі мақсат бір, қай-қайсысы болмасын қайтсек, қазақты алға сүйреп, қайтсек қазақ елін көркейтеміз деп белсене ат салысты. Қазақ элитасы алдында аса күрделі моральдық таңдау тұрды: не халықпен бірге қан кешіп, қарулы күреске шығу, не болмаса, шындыққа тура қарап, отарлық билікпен шартты мәміле жасасу арқылы ұлттың болашағын сақтап қалу. Алашорда қайраткерлерінің таңдауы - ақылмен күресу болды. Бұл үшін олар сынға да ұшырады, бірақ олар көтеріліс басылғаннан кейін ұлтты аман алып қалу жолында өздерін саясат сахнасына дайындап жүрді. 1916 жылғы көтеріліске қазақ элитасының көзқарасы әртүрлі болғанымен олардың барлығының мақсаты бір еді - қазақ ұлтын сақтау, рухани тұтастығын қорғау және еркіндікке қол жеткізу. Бірі – күрес жолын, бірі – келісім жолын таңдады. Либерал-демократиялық бағыттағы Алаш зиялылары халықты қантөгістен сақтау үшін патша жарлығын орындауға шақырса, радикалды бағыттағы зиялылар патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы қарулы көтерілісті қолдады. Бұл әртүрлі көзқарастар қазақ зиялыларының ел болашағына деген әртүрлі көзқарастарын көрсетеді. 1916 жылғы көтеріліс кезінде радикалдар, ең алдымен, ұлттық тәуелсіздік пен әлеуметтік теңдік үшін күресті. Олар қазақ халқына патша үкіметінің отарлық жүйесіне қарсы тұруды және өз құқықтарын қорғауды ұсынды. Тұрар Рысқұлов, Әліби Жангелдин, Тоқаш Бокин сияқты қайраткерлер халықты қарулы қарсылыққа шақырып, қазақ жерінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күресті.

Бұл айырмашылық оларды бөлмеді, керісінше, ХХ ғасырдың басындағы қазақ ойының, саяси тактикасының күрделілігін, прагматизм мен романтиканың тоғысуын көрсетті.

Халық санасынан, Қазақстан тарихы беттерінен ойып тұрып орын алған ХХ ғасырдың басында қалыптасқан қазақ ұлт қайраткерлері, элитасы мен олардың ой-пікірлері, ұстанған ұстанымдарымен таныса отырып жас жеткіншектер зиялы қауым өкілдерінің қай-қайсысы болсын алдымен, ұлт жанашыры екенін байқайды. Осы кезеңдегі қазақ элитасын бөле-жармай, бірін ақ, екіншісін қара деп бөлмей біртұтас қарастыратын себебіміз де сол. Отанын, елін, жерін сүю, мемлекетінің алдыға ілгерлеп қарыштап дамуын қалаған, сол жолда өз еңбектері мен өмірлерін сарп еткен ұлт элитасының тағдыры кімге болсын сабақ деп ойлаймын. Абай атамыз айтқандай “Болмасақ та ұқсап бағатын” осы асыл азаматтарымыз, қазақ элитасынан үйренетініміз, үлгі алатынымыз өте көп. Баршамыз еліміздің болашағы жас өскелең ұрпақтың кең саналы, даналыққа ұмтылған, ақыл мен қайрат-күшін тең жұмсайтын мықты азаматтар болғанын қалаймыз! Лайым солай болғай!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сүлейменов Б.С, Басин В.Я. Восстание 1916 г. В Казахстане: причины, характер, движущие силы. Алма-ата, 1977
2. Қойгелдиев М. Алашқозғалысы. Алматы: Санат, 1995
3. Нұрпейісов К. Алаш партиясы һәм Алаш Орда үкіметі. Алматы, 1995
4. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сб. документов, М, 1960
5. М. Қозыбаев. Қаһарлы 1916 жыл (құжаттар мен материалдар жинағы), 1, 2-т, А, 1998ж
6. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін, 2-3-т, А, 2002ж.

РЕПРЕССИИ В ОТНОШЕНИИ КРЕСТЬЯНСТВА В КАРКАРАЛИНСКЕ В НАЧАЛЕ 1930-Х ГОДОВ

Елеуханова С. В., ассоциированный профессор
Карагандинский университет им. академика Е. А. Букетова
Караганда, Казахстан
eleuxanova62@mail.ru

Для Каркаралинского региона, как и всего Казахстана периода 1930-х годов, была характерна пестрота окраски репрессивных дел. В 1925 году секретарь Казкрайкома Голощекин, проводивший политику «Малого Октября», выдвинул лозунг: «Политика партии в ауле – это коллективизация и ликвидация кулачества и байства как класса». Он его пояснил: «Кто энергично будет проводить нашу политику, тот с нами, того мы будем считать действительными работниками Советской власти. Кто этого не будет проводить, кто будет искажать ее – тот не с нами, тот против нас, – мы с ними будем бороться, как с врагом» [1, л. 44-46]. В этой обстановке в республике усиливается режим и репрессии. В результате проводилась политика «твёрдых заданий» по сдаче хлеба для кулака и огромных штрафных санкций за их невыполнение. В жернова этой политики нередко попадали средние крестьяне, а также бедняки. В ходе хлебозаготовительных кампаний широко применялись 107 и 61 статьи Уголовного Кодекса РСФСР, по которым были осуждены и подвергнуты административному наказанию жители Каркаралинского округа. Так, в информационной сводке Народного Комиссариата юстиции КАССР от 6 апреля 1930 года приводятся итоги судебной и административной репрессии по республике по делам, связанные с посевной работой. По Каркаралинскому округу на 20 марта 1930 года были осуждены к принудительным работам 144 человека, оштрафованы в административном порядке 5 человек. Имущественные взыскания составили 205580 рублей. В информационной сводке отмечается, что «около 98% осуждённых в текущую кампанию приходится на долю кулаков и зажиточных, однако, уже сейчас можно сказать, что цифры эти, мягко выражаясь, не точны» [2, л.11].

Постановление ЦК ВКП(б) «О борьбе с искривлениями партлинии в колхозном движении» от 14 марта 1930 года вопиющие факты в этом вопросе: «В ряде районов добровольность заменяется принуждением к вступлению в колхозы под угрозой раскулачивания, под угрозой лишения избирательных прав и т. п. В результате в число «раскулаченных» попадает иногда часть середняков и даже бедняков, причем в некоторых районах процент «раскулаченных» доходит до 15, а процент лишенных избирательных прав – до 15–20. Наблюдаются факты исключительно грубого, безобразного, преступного обращения с населением со стороны некоторых низовых работников [3, с.194].

Постановление явилось толчком для Каркаралинской окружной прокуратуры для принятия мер по исправлению перегибов – незаконного применения статьи 61 Уголовного кодекса к середнякам и беднякам. Так, крестьяне, не выполнившие постановление комиссии по сбору семфонда, подвергались произволу. У них «проводили в доме обыск, с помощью